

 TASHENEV UNIVERSITY	Жұмабек Ташенев атындағы университеті		УЕ-25-22 ФР 01
	Сапа менеджменті жүйесі	Сапа саласындағы саясат	2-нұсқа

Сапа саласындағы саясат

Миссиясы білім беру, ғылым мен инновациялық қызметті заман талабына сай интеграциялау және жаңа білімді жасау негізінде елдің зияткерлік элитасын қалыптастыру.

Білім беру сапасы саласындағы университет саясатының **негізгі мақсаты** – озық білімдерді іздестіру, инновациялық зерттемелерді енгізу және экономиканы жаңғыртудың қазіргі жағдайында әрекет етуге қабілетті элиталы кадрларды дайындау, іс-әрекетінің барлық бағыттарын интернацияландыруға бағытталған халықаралық деңгейдегі кәсіпкерлік типтегі зерттеу университетін қалыптастыру.

Сапа саласындағы саясат:

- Маман дайындау сапасына жоғары деңгейде кепілдік беретін білім беруде жаңа инновациялық білім беру бағдарламаларын дайындау;
- Меритократия қағидатына негізделген қазіргі заманғы кадр саясатын қалыптастыру;
- Жаһандық білім: тұлғалық өсу және кәсіби бәсекеге қабілетті мамандар даярлау;
- Білім, ғылым және инновация интеграциясының дамуына ықпал ету;
- Ғылыми зерттеулердің және инновациялық қызметтің сапасын жақсарту және дамыту;
- Интернационаландыру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;
- Инновациялық тәрбие жұмысын қалыптастыру;
- Цифрлық университет құру;
- Университеттің материалдық-техникалық базасын және инфрақұрылымды дамыту, заманауи ақпараттық технологияларды енгізу;
- Қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін арттыру;
- Отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен, бизнес-серіктестермен тәжірибе алмасу және бірлескен оқу, әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие қызметі, ПОҚ мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығы, дуальды білім беру үшін платформа құру және жетілдіру бойынша ынтымақтастықты дамыту;
- Тәрбие жұмысының сапасын және университеттің ішкі мәдениетін арттыру: әріптестік, өзара сыйластық қатынастарға негізделген білім алушылар мен ПОҚ-ның адамгершілік, жеке өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін органы қалыптастыру; ЖОО-ның корпоративтік мәдениетін сақтау және дамыту, білім сапасын қамтамасыз етуге білім алушылардың рөлін күшейту, академиялық адалдыққа тәрбиелеу.

Сапа жүйесін жақсарту университеттің білім беру ғылыми және инновациялық қызметі нарығында бәсекеге қабілеттілігін, қаржы көрсеткіштерін, университет қызметкерлері мен қызығушылық танытқан тараптарды қанағаттануын арттырады.

Университет басшылығы негізгі мақсатты жүзеге асыру үшін қажетті жағдай жасауға және осы саясатты университеттің барлық құрылымдық бөлімдеріне енгізуге жауапты.

Сапа саласындағы саясат үш жылдық мерзімге дайындалады. Сапа саласындағы саясат тиімділігін жыл сайын университеттің жоғары басшылығы талдайды, қажет болған жағдайда өзгерістер енгізеді. Сапа саласындағы саясат стратегияның ажырамас бөлігі және білім беру қызметін жоспарлауға негіз болып табылады.

Жұмабек Ташенев

атындағы университетінің ректорын



Байболов Қ.С.

21 тамыз 2022 жылы № 1 бұйрықпен енгізілді